



*«Ойлан, тап !»
сайыскерлік ойыны*



Рубежин орта жалпы білім беретін мектеп- балабақшасы

«Ойлан, тап !»
сайыскерлік ойыны
(5 «а», 7 «б» сыныптары оқушылары)

Дайындап өткізген: Иманов А.И.-қазақ тілі пәні мұғалімі

2013-2014 оқу жылы
Рубежин ауылы

Ойында 2 топ жарысады, әр топта 6 оқушыдан, барлығы 12 оқушы қатысады.

5а сыныбынан – 6-уы, 7б сыныбынан – 6-уы.



Ойынның мақсаты:


1. Оқушыларды қоршаған ортаны, табиғатты сүйе білуге дағдыландыру.

2. Қазақ тілі пәні мен биология, география пәндері аралық байланыстарын нығайтып көрсету.


3. Осы ойын арқылы оқушылардың бір-біріне деген сыйластықтарын, жолдастықтарын, достықтарын қалыптастыру.




*« Адамдардың табиғатсыз күні
жоқ,
Табиғаттың оны айтуға тілі жоқ».*



« Жер – қазына,
Су – алтын,
Мал – байлық»



«Қазақ деген ел – бостандықты, азаттықты сүйетін, даланы, таза ауаны, таза суды, таза көгалды сүйетін халық.» Ғ.Мүсірепов.



**« Өркениет өнегесі - өз тіліңмен өмір сүру.
Қазақ елі барда қазақ тілі де болады. Өседі.
Өркендейді».Н.Назарбаев.**

Сайыскерлік ойынының жүргізілу тәртібі :

- Ортаға 2 топтың ойыншылары шығады. Үш адамнан құралған әділ-қазылар алқасы әр кезеңге сәйкес өз бағаларын беріп отырады. Сайыскерлік «Ойлан, тап!» ойынының әділ –қазылар алқасы төмендегі құрамда ұсынылады.
- Құмашева А.К. – тәрбие жұмысы жөніндегі мектеп директорының орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
- Аманкулова П.Е. – физика пәні мұғалімі
- Калинина А.А.. – химия, биология, география пәндерінің мұғалімі.
- Әділ-қазылар алқасы өз орындарын алулары сұралады. Көрермендер, қол соғып, қошеметтеп қоялық!



I – кезең. Әр топ өздерін таныстырады. Топтың төс белгілері, ұрандары, киім киістері бағаланады.

I топ « Ай – Ару» тобы

Ұраны: Топ аты біздің – «Ай – Ару»

Өмірдей мына – Жаңару.

Құралып алты-ақ адамнан

Сайысқа келдік сыбанып,

Ұтармыз сірә, нық-анық!

1. Аманкелді Бек
2. Абдоллаева Лаура
3. Алғиев Нұрғали
4. Шамер Бекарыс
5. Шотаева Аружан
6. Жұмашева Дильназ

II топ « Жұлдыз» тобы

Ұраны: «Жұлдыз»-дай жарық біздің топ

Атына, заты сайкелген.

Ойында ұтар, ойланбай,

Жүйріктер ғана көрінген,

Шығармыз, шыңға, биікке!

1. Таксымбаев Дима
2. Туратова Наташа
3. Чернявский Юра
4. Четвергова Наташа
5. Чиркова Катя
6. Шаяхметов Сергей

II – кезең. Берілген өлеңдерді мәнерлеп оқу сайысы. Оқу мәнері, өзін-өзі ұстау мәнері бағаланады.

«Ай - Ару» тобы. Дала тілі тарихы

Қазақ тілі, Өтебай Тұрманжанов
Бір батып, бір көрініп бұлдырап қыр,
Тал түсте күн төбеден ұрғылап тұр.
Ана тілі сияқты табиғаттың.
Даланың құлын даусы құлдырап тұр!
...Сол тілде жылап жонның қияқтары
Сары қамқа – салқын күз күй ақтарды.
Сол тілде топылдайды тұлпарлардың
Тарихты шертіп шапқан тұяқтары.
Жатпайтын құлағыңды жарып тегі,
Сол тілден сабақ ала барып па едің?!
Мал шаңы...жусан исі...торғай үні
Секілді сол бір тілдің әріптері!
Мырза үйдің қымызындай сыйласа анық,
Өтеді ол ақ нөсерін құя салып,
Жаздағы жарға қонған қарлығаштардай
Кетеді көкіректерге ұя салып!

«Жұлдыз» тобы. Мен білетін тау

Жамбыл Жабаев
Тізілген таулары бар Жетісудың,
Ішінде орман-тоғай біткен нудың.
Дариядай сол таулардан тулап-тасып,
Көресің тамашасын аққан судың.
Есепсіз тау суреті көз жетпейтін,
Жырлауға қазынасы көп тіл жетпейтін.
Өрік, алма, алмұрт, жиде, жемістер көп,
Бір татсаң ауызыңнан дәм кетпейтін.
Қарлы тау басы биік мұнар кетпес,
Сырласып бұлттарменен болған кептес.
Түрлі аңдар мекен етіп өсіп-өніп,
Жүреді бір-бірімен боп тілектес.
Арыстан, аю, қасқыр, түлкі, борсық,
Сілеусін, жолбарыстар түнде жортып.
Тулаған, аққан бұлақ толқынынд
Асаудай ойнақ салар бұлақ шолпып.

III – кезең. Шешімін тап! Жұмбақтарды дұрыс, толық шешуі бағаланады.

«Ай – Ару» тобы

Аппақ қардай тоны,
Күжірейген жоны,
Көзі – қызыл моншақ,
Білесің бе оны ?

Сауыттан мықты шапаны,
Жәндіктің нағыз шабаны.
Сұлудың сұлуы,
Бойында жоқ жылуы.
Таңмен көзін ашады,
салынған,
Әлемге нұрын шашады.
жабылған.

Ағашта оның мекені,
Піскенде түсіп кетеді.

«Жұлдыз» тобы

Түрі шар сияқты,
Түсі қып-қызыл,
Дәмі бал сияқты.
Ол не ?

Түнде бармын,
Күндіз жоқпын.
Қайнамай піскен,
Асықпай түскен.
Ішіне тамақ

Есігі тастай

Ағайынды бәрі:
Шықса – көк,
Түссе – сары.

IV – кезең. Ән шырқап, бір көрейік! Кезекті әнге береміз. Әнді дұрыс, нақышына келтіре орындау мәнері бағаланады.

Ән: Жез киік
Сөзі: К.Салықовтікі
Әні: Ж.Сейіловтікі
Жез қанат, күміс бауыр киік көрдім,
Дәруі сол ма дерсің күйік-шердің.
Жез марал жүреді екен арасында,
Қаптаған Бетпақтағы киіктердің.
Қайырмасы:
Жез киік, біздің жаққа қалай келдің?
Жолымды тіке кесіп жанай бердің.
Адамның көздеріндей екі көзің,
Япырмай, дәтім шыдап қалай көрдім.
Дәл саған құрмап еді торды ешкім,
Гайыптан душар болдың, сорды кештің.
Мен-дағы сертшіл едім далада өскен,
Сен-дағы жалтармадың, жолды кестің.
Қайырмасы:
Асықпа, көрейінші жөндеп қана,
Кетпесін жаңа тиген меңдеп жара.
Ет кесіп өз етімнен берсем-дағы,
Жөніңе жіберейін емдеп қана.
Құмарым қайта көріп қанар ма екен,
Әл бітіп салқын жүрек жанар ма екен.
Болмаса суық қолды бір сұр мерген,
Дәл көздеп әлде атып алар ма екен?...
Сұлуды адам жаны қимайды екен,
Беймезгіл еске түсіп қинайды екен.
Жез киік, сені аңсаған кездерімде,
Бір өзім кең далаға сыймай кетем.

Ән: Ақ көгершін
Сөзі: Н.Баймұхамедовтікі
Әні: А.Жұбановтікі
Ақ көгершін, көгершін,
Қолқанат құс сен едің.
Бар, кезіп қайт ел үшін,
Кең дүниенің көлемін.
Әділеттің құсы деп,
Көз алмастан жолыңнан.
Бақыт болып қоншы деп,
Ұшырамын қолымнан.
Қайырмасы:
Ел тілегін алып ұш,
Адамзаттың бағына.
Қара бұлтты жарып ұш,
Мұхиттың арғы жағына.
Сенен көзін алмайды,
Ақ ниетті бар адам.
Ақ қанатың талмайды,
Әділеттен жаралған.
Тыныш-бейбіт өмірдің,
Белгісі боп қанат қақ.
Әлемге ортақ көңілдің,
Қайт шыңына қонақтап.
Қайырмасы:
Ел тілегін алып ұш,
Адамзаттың бағына.
Қара бұлтты жарып ұш,
Мұхиттың арғы жағына.

V – кезең. Табиғатты танимыз ба?! Сұрақ – Жауап.

«Ай – Ару» тобы

1. Қай құстың баласы өзінің анасын білмейді?
2. Кім барлық тілде сөйлейді?
3. Көзге ілінбейді, жұтсаң білінбейді?
4. Шағып алғаннан кейін ара не істейді?
5. Аптаның «азына» күні?
6. Борсық қыс мезгілінде адамға пайда келтіре ме, зиян келтіре ме?
табады
7. Қар қайда тез ериді, орманда ма, қайсысы
әлде қалада ма, неге?
8. Кімнің құлағы аяғында орналасқан?
9. Қоянға тауға қарай жүгірген оңай ма, таудан төмен қарай жүгірген оңай ма?
10. Мысықтардың көзі күндіз және түнде бірдей ме?
11. Қазақша жыл атауларындағы түз тағы-ларын атаңыз
12. Ыдыстың және айдың аты?

«Жұлдыз» тобы

1. Қоңызда неше қанат бар?
2. Қандай жолмен адам жүрмейді?
3. Кім өзіне ауадан үй тұрғызады?
4. Шаяндар қайда қыстайды?
5. Аптаның «қасиетті» күні?
6. Қандай әнші құс, өзіне тамақты мұздың астынан сүңгіп жүріп
7. Лас қар мен таза қардың
бұрын ериді?
8. Қыста қандай аң басын төмен қаратып ұйықтайды?
9. Тоғайдағы қандай аң саңырауқұ-лақтарды ағашта кептіреді?
10. Қандай аң жазда суда, қыста құр-ғақ жерде өмір сүреді?
11. Қазақша жыл атауларындағы үй жануарларын атаңыз
12. Құстың және айдың аты?

VI – кезең. Суретті жұмбақ. Шешімін тауып қажетті ұпай жинау.



3



4



5



6



7



8



9

1. Суретте көрсетілген құстар қандай қорықта көп қыстайды?



2. Аққұм Қалқан «әнші құмы» қай қорыққа жатады?




3. Бұл қорықтың көлдерінің жағалауларында қайынды тоғайлар арасынан Наурзым қарағай және Терсек тоғайы айырықша көзге түседі. Осы қорықты атаңыз.




4. Бұл жануарды қорғайтын қорықты атаңыз



5. Суретте көрсетілген Алтай қорығындағы
кішкене жыртқыш аңды атаңыз



6.Қазақстан аймағында ең бірінші құрылған осы қорықты атаңыз



7. Арал теңізінде құрылған, көлемі жағынан ең шағын қорықты атаңыз



8. Бұл қорық Алтайдың қазақстан бөлігінде орналасқан осы көлдің әдемі аймағында. Бұл көлде балықтың 5 түрі бар. Осы қорықты атаңыз



9. Бұл қорықтың басты мақсаты – суда жүзетін құстар: аққу, реликті шағала, қаздарды қорғау болып табылады. Осы қорықты атаңыз.



VII – кезең. Поэзияны тани аламыз ба?! Поэзияны оқытындар 10,9,6а сыныбы оқушылары. Мазмұнын атып беру

Дала – парасат оқытын

Қабыкешов Яхия

Дала

Дала деген

Қазақтардың ерлігі.

Дала деген

Қазақтардың елдігі.

Мөлдір таза, ніл аспанды, кіл жазық.

Дала деген

Планетаның кеңдігі.

Дала – көкпар,

Дала – жігіт, дала – қыз!

Дала –көктем, дала – шілде, дала – күз!

Дала деген – ғарыш жолы, космосдром,

Мұның бәрі қайда сияр даласыз

Дала деген

Тұлпар жортқан құба бел,

Үздік озып

Шауып өткен Құлагер,

Тұлпар сүйгіш, сұңқар сүйгіш

Болғаннан

Құлагердің өліміне жылады ел.

Дала – даналық оқытын

Рахматуллина Айман

Дала деген

Анау дана Абайым,

Жасап жатқан өлең сөздің сарайын.

Ол дара тұр ұлы ақын Пушкиндей

Кейінгілер қарайламай маңайын.

Дала деген!

Шоқан, Қаныш ғалымдар,

Ел бағына

Оза туған дарындар.

Ғылым сарай салып кетті Қанекең,

Енді ол үйде сарқылмайтын ағын бар.

Дала - Мұхтар

Жеке – дара көрінген.

Дала – Сәкен

Сексен көл боп төгілген.

Дала анау

Сәбит, Ғабит, Бейімбет,

Дала – Илияс,

Жетісу боп өрілген.

Дала – Ақан!

Үкілі Ыбырай,

Біржандар,

Өксіп жүріп өнер шыңын құрғандар.

Дала – Мәди, Жаяу Мұса, Тәттімбет

Өксіп жүріп өнер гүлін жұлғандар.



Дала - өнер оқитын Дарғожиева Светлана

Дала – Жамбыл!

Өлең сөздің түйдегі,

Дала – жаңбыр,

Құрманғазы күйлері.

Дала – «Гәкку»,

Күләш салған Мәскеуде

Дала деген Шара апайдың билері.

Қос тоты боп,

Бұлбұл болып кешкілік.

Дала сайрар

Роза болып,

Бибігүл боп естіліп.

Москвада,

Монреальда, Парижде,

Қайран қалар

Естіген жұрт көз тігіп

Сұлу Көкше, өр Алатау арасы

Бәрі – тұтас қазағымның даласы.

Сонша жерді

Сойылымен қорғаған

Бабаларым осал емес шамасы.

Кәкімбек Салықов

- Ойлан, тап!» сайыскерлік ойынына қатысушылар, көрермендер бәрі қосылып орындайды.

- Ән: Еділ – Жайық

Сөзі: Ж.Молдағалиевтікі

- Әні: И.Жақановтікі

- Құлпырады дала, гүлдейді орман,
қалқып,

- Емізеді егіз, Еділ мен Жайық.

- Шырқалады әндер, жан жүрек іңкәр,

- Ақ шағала айдын, ақталған арман,
Сылқылдайды сұлу Еділ мен Жайық.

- Тербеледі кеме, ойнайды қайық.
Әуелейді адам, самғайды сұңқар,

Шығандарға, шыңға қанатын жайып.


Қайырмасы:

А - а - а!

Ағады шалқып,

Аққулары

Еділ мен Жайық!



***Көңіл қойып
тыңдағандарыңызға
көп-көп рахмет!***